

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ЖАРЫСПАЛЫЛЫҒЫ МЕН ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Жәмиева Р.М. з.ғ.к., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті
Жақыпов Б.А., з.ғ.к., доцент, Б.Бейсенов атындағы ИМ Қарағанды академиясы*

Құқық қорғау және сот жүйесінің негізгі бағыты жеке тұлғаның құқығын қорғауға байланысты талаптарды күшейту болып табылады, ал қолданыстығы заңнамаға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар тұжырымдамасы жеке тұлғаның қылмыстық процесте құқықтарының толық сақталуын қамтамасыз етеді. Алайда қазіргі кезде қылмыстық процесте жеке тұлғаның құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету жағдайы халықаралық стандарттарға және жалпы танылған қағидаттарға сай келеді деп айту әлі де ерте. Қылмыстық сот өндірісіндегі қорғаудың басты маңыздылығы- бұл қылмыстық сот өндірісі жарыспалылық бастамаларын және қылмыс жасады деген тұлғалардың, айыпталушының құқықтарының кепілін жүзеге асыру [1; 45].

Біздің пікірімізше, қылмыстық процестегі жарыспалылықты қамтамасыз ету айыпталушыға деген объективті және заңды процестік кепілі болып табылады.

В. Г. Даев айтқандай, жарыспалылық деп процесті құрастыру, оның қарама қарсы мүдделерінен бастау алатын құрылымын емес, процеске қатысушыларына оның барлық сатысында ішкі сезім негізінде шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін процесс сатысын түсіну керек.[2; 72] Мұндай мағынадағы жарыспалылық тек сот сатыларында ғана емес, процестік қызметтің алдыңғы сатыларында көрініс табуы тиіс. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі жарыспалылық қағидаты қылмыстық-процестік заңнама арқылы бекітіледі. Қазақстан Республикасының ҚПК 23 бабының 1 тармағына сәйкес қылмыстық сот өндірісі айыптау және қорғау тараптарының жарыспалылық пен тең құқықтылығы қағидатының негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы түрде сот өндірісі ретінде бірінші сатысы сотындағы сот тергеу сатысын түсінеді, сол себепті де қазақстандық қылмыстық сот өндірісіндегі алдын ала тергеуге инквизициялық және сот тергеуінің жарыспалылық сипаты тән деген көзқарас кеңінен таралған. Заңшығарушының тек сот сатысы жөніндегі ұстанымы Қазақстан Республикасының ҚПК 23 бапта көрініс тапқан, себебі Қазақстан Республикасының ҚПК 7 бап 45 б., байланысты тараптар ретінде өз мүдделерін жарыспалылық тең құқықтылық негізінде білдіретін сот отырысының қатысушылары ретінде анықтаған. Алайда егер де Қазақстан Республикасының ҚПК сол 7 бабының басқа бөліктеріне талдау жасасақ, біз мынаны көреміз: мысалы 2 бөлікте айыптау тарабының субъектілері ретінде тергеу органдары, яғни тергеуші, анықтау органы, анықтаушы екендігі көрсетілгендігін ескерсек, онда мынадай қорытынды жасауға болады, үрдістің барлық қатысушылары тараптарға жіктелген. Егер де заңшығарушы сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асыратын органды қылмыстық процесте тарап ретінде таныса, онда осы сатыда оны қорғау тарабының процестік құқықтарын беріп, теңестіру керек.

Сәйкесінше, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы айыптау тарабының өкілі ретінде тергеуші, сондай-ақ қорғаушы тұлғасында алдын ала тергеуде жүргізілуі тиіс. Қолданыстығы Қазақстан Республикасының ҚПК сәйкес басымдылықтың айыптау жағында екендігі айқын көрініп тұр. Заңшығарушы тергеушіні айыптау тарабына жатқызады, сонымен қоса осы айыптау тарабына қылмыстық істі шешу қызметі элементін береді. Екі қызметті бір субъектінің атқаруға жол берілмеуі тиіс, себебі адамның санасы «екеуленуге» шыдамайды және осы жағдайда бір мақсат екіншісіне зиянын тигізбеуі де мүмкін емес. Тергеуші қылмыстық ізге түсу органының өкілі ретінде айыптау қызметін таңдайтындығы күмән тудырмайды, себебі процесстің ең басынан бастап оның қызметі қылмыс жасаған жеке тұлғаны іздеуге бағытталған.

Сонымен қоса, айыпталушы немесе күдіктінің сотқа дейінгі өндірісте конституциялық құқықтарын шектеуші процестік әрекеттердің барлығы тергеуді

жүргізуші органдар тек прокурордың санкциясы болған жағдайда ғана жүзеге асырады, ол құқықтық мемлекет және жарыспалылық қағидатын жариялағаннан соң оған жол берілмеуі тиіс, себебі анықтау, алдын ала тергеу және прокуратура айыптау тарабының өкілдері болып табылады. Соттың прокурорға қарағанда сотқа дейінгі өндірісте тұлғаның құқықтарының сақталуының сенімді кепілі екендігі анық. Ол басқарма мүддесімен байланысты емес, ол тәуелсіз, қылмысты ашқан үшін жауапкершілікке тартылмайды, сот үрдісі шегімен шектелген.

Қазіргі өркениетті әлемде қылмыстық процестің екі негізгі нысаны –жарыспалылық және аралас нысаны кеңінен таралғанын айтып кету қажет. Инквизициялық нысан мемлекеттік басқарудың директивті жүйелі елдеріне тән және тек дамушы мемлекеттерде ғана сақталған.

Жарыспалылық үрдіс англо-саксондық құқық жүйесінің елдеріне тән және ол кез келген сатыда заң және сот алдындағы теңдік бастауларына негізделген. Қылмыстық процестің бастапқы сатыларында жүзеге асыралтын барлық процестік әрекеттер сот бақылауында, яғни Конституцияның бақылауында болады. Сот билігінің жүйесіне алқабилер соты енгізілген.

Аралас процесс континенталдық құқық жүйесінің елдеріне тән. Онда бір жағынан, прогрессивті демократиялық қағидаттар көрініс тапқан, екінші жағынан айыпталушының процестік құқықтарын және сотқа дейінгі қылмыстық өндірісте қорғауды түрлі шектеу түрінде көрініс табатын инквизициялық процесстің жекелеген элементтері сақталған. Сот жүйесі өзінде алқабилер соттарын қамтиды. Алдын ала тергеу барысында қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органдар айыпталушының немесе күдіктінің конституциялық құқықтарын шектеуші барлық процестік әрекеттерді тек соттың санкциясы негізінде жүзеге асырады.

Сонымен бізде мынадай жағдай қалыптасқан: қылмыстық процестің қазақстандық нысаны қылмыстық процестің жарыспалылық немесе аралас нысанына қарағанда, инквизициялыққа жақын келеді. Инквизициялық процестің басты кемшілігі болып қызметтерді араластыру, нәтижесінде сот әділдігі мүддесі үшін тұлғаның құқықтарын ескермеу екендігі баршамызға мәлім.[3; 65-74]

Жарыспалылық– бұл басты сот талқылауының айыптау қызметінің қорғау қызметінен және істі шешу қызметінен бөлінетін құрылымына бағытталған сот өндірісінің қағидаты. Сот процесте үстемдік орынға ие, сот талқылауымен басшылық етеді, іс бойынша заңды және негізді шешімдер шығарады, басты сот талқылауының қатысушылары, оның ішінде айыпталушы адам және айыптаушы, тең процестік құқықтарды иеленеді. Бұл қағиданың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Салалық заңдылықтарда қағиданың әсері процестік нормалардың барлық жүйесінің мәнінен және Қазақстан Республикасының ҚПК 23 – бабында оның орындалуының қажеттілігіне тура көрсетуінен шығады.

Қылмыстық сот өндірісінің мақсатына жарыспалылық қағидаты да бағынады. Жарыспалылық процестің негізгі белгілері баяғыдан белгілі. Жарыспалылық англосаксондық (жалпы) құқықтық тарихы қалыптасқан, басшылыққа алынатын қағидаттарының бірі және адамдар арасында дау туындаған кезіндегі тартыс тартыс, сайысынан бастау алады [4; 313].

Инквизициялық процесте, қалыптасу уақыты бойынша жарыспалылық болмаған. Бұл өз негізінде көпшілік, тергеу, жазбаша, жариялы, бақылаулық процесс. И. Я. Фойницкий екі бастаудың балансының бар немесе жоқ болуы негізі бойынша процестің екі түрін ажыратады: жеке және қоғамдық. Егер де жарыспалылық процесте жеке бастау жойылмаса, айыпталушы айыптаумен қатар тең дәлелдеу субъектісі болса, онда инквизициялық процесс «индивидуалды, жеке, қылмыстық талқылауды дұрыс құру үшін айтарлықтай маңызды бастауды мүлде ұмытады» [5; 25.].

Бұл автор сот өндірісінің жарыспалылық тәртібінің негізгі белгілерін қалыптастырады: соттан бөлек тұратын және іске қатысу құқығын иемденетін жақтардың

процесте бар болуы; тараптардың теңдігі; сотты тараптардың процестік қызметінен босату[5;72].

Континенталды құқық жүйесі елдерінде Наполеон Бонапарт кезіндегі Франция үстемдігі негізінде неғұрлым артық көрінетін қылмыстық іс жүргізудің аралас түрі болып танылады, онда сотқа дейінгі қызметтің инквизициялық және жарыспалылық процестің бөлігі бөлігінде элементтері бар, ал басты сот талқылауында тараптардың теңдігіндегі жарыспалылық қағидаты әрекет етеді.

Кейін кеңестік билік кезінде жарыспалылық қағидатының жақтаушысы М. С. Строгович болды: «кеңестік қылмыстық іс жүргізудің жарыспалылық құрылысы қылмыстық іс бойынша объективті (материалды) ақиқатты анықтауға барынша ықпал жасайды, тараптардың, жәбірленуші және айыпалушыны қоса алғанда, құқықтары мен заңды мүдделерін, басты сот талқылауының заңдылығын және қылмыстық істі шешудің заңдылығын қорғауға ықпал етеді» [6; 171]. Соңғы кездері жарыспалылық мәселесі өзекті бола бастады.

Жарыспалылық туралы айтқанда, мына түсініктерді ажыратуға көп көңіл бөлген жөн: жарыспалылық қағидаты, жарыспалылық қатысушы тараптардың теңдігі. Ең көп түсінік бұл – жарыспалылық. Жарыспалылық толық іс жүргізудің құрылу негізі ретінде, іс жүргізудің мәні ретінде түсіндіріледі. Жарыспалылық қағидаты – қылмыстық іс жүргізудің негізге алынатын басқаратын бастауы. Бұл бастау нақты қылмыстық іс жүргізудің мәнді қасиеттерінің бірін көрсетеді.

Тараптардың теңдігі – жарыспалылық қағидатының мазмұнының элементтерінің бірі, бірақ заң шығарушы Қазақстан Республикасының ҚПК 23 – бабында тараптардың тең құқығын нақты ашып көрсетеді. Бұл тергеуде тараптардың теңдігісіз жарыспалылық элементтерін және тараптардың толық теңдігі бар басты сотталқылауының жарыспалылық ажырату қажеттілігінен туындайды. Осыған байланысты жарыспалылық қағидаға қатысты заң шығарушының бірінші көзге түсетін айналымындағы ұстанымының сұрақтары туындайды.

Айыптау тарабының субъектілері арасында қылмыстық қудалау органдары тізімделеді, соның ішінде тергеуші, анықтау органы және анықтаушы. Бірақ Қазақстан Республикасының ҚПК 23- б. ережелері тек сотт сатысына қатысты қолданылады. Басты сот талқылауының жарыспалылық құрылымының қажеттілігі әдебиеттерде көрсетіле бастаған көптеген себептерге байланысты туындаған. «Кінәліні әшкерлеу және оған қарсы дәлелдемелерді жинау міндеттері бар лауазымды өнегелік дәрежесі қаншалықты жоғары болғанымен, ол сол іс бойынша әділетті судья бола алмайды; оның кінәлілікті ашуға мүдделлі болған алдыңғы өткен қызметі оның көзқарасын нақтылады, алдын – ала ойлаған пікірлерін құрды» - деп жазады И.Я. Фойницкий [5; 70].

Жарыспалылық қағидат ретінде 1864 ж. Ресей империясының сот өндірісін жүргізу Жарғысында бекітілді. «Ол жарыспалылық терминді бекіткен мынадай бапта көрініс тапты. Прокурор немесе жеке айыптаушы бір жақтан, ал сотталушы мен оның қорғаушысы екінші жақтан соттық мәжілісте бірдей құқықтарды иеленеді» [7].

Жарыспалылық өзімен бірге инквизициялық сот өндірісін алып келді. Инквизициялық және жарыспалылық процестердің жақсы жақтарын біріктіретін қылмыстық іс жүргізудің аралас континенталды типінің дамуы барысында, сайысушы процесс Батыс Европада үстем болды. Ол 1864 ж. соттық реформада Россиямен қабылданды. Сотқа дейінгі процестік инквизициялық, жазбаша болған, ал соттық – жарыспалылық.

Инквизициялық процесте оның басты кемшілігі – қызметтерін шатастырып алу, нәтижесінде - әділ сот мүдделеріне қатысты тұлғаның құқықтарын ескермеу. Айыпталушы – тең құқылы тарап емес, қылмыс оқиғасы сияқты зерттеу пәні.

Американың қылмыстық іс жүргізуінде жарыспалылық қағидатының жақтаушылары ойынша, адамға толық мәлім еместігі туралы болжамдар шығару тән, ал қауіптілікті жетіспеген болжамдар туғызады». Басты қауіп анық: алғашқы пікірлер көбіне орнықты

болады және олардың нәтижесінде тербелту қиынға соғады. Екінші қауіптіліктің айқындылығы шамалы, алайда ол маңыздырақ» [8;95].

Жарыспалылық қағидатына сай тараптар басты сот талқылауында тең. Тараптар болып басты сот талқылауында жарыспалылық және теңдік негізінде айыптауды «қылмыстық қудалау) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен тұлғалар табылады.

Сот тергеуінде айыптаушы тарап – прокурор (мемлекеттік айыптаушы), жәбірленуші (жекеше айыптаушы), азаматтық талапкер және олардың заңды өкілдері. Қорғаушы тарап сотталушы, оның заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және өкілі болып табылады. Тараптарға өз тезистерін дәлелдеу ауыртпалығы жүктеледі. Айыптаушы сотталушыға тағылған айыпты дәлелдеуге міндетті, ал қорғаушы тараптың қатысушыларының барлығына қорғау тезисін дәлелдеу міндеті жүктелмейді. Бұл кінәсіздік презумпциясы қағидатына қайшы келер еді. Дәлелдеу ауыртпашылығы тек қорғаушыларға ғана жүктеледі, ал сотталушыны қорғау үшін заңмен көрсетілген құралдар мен әдістер қолдануға міндетті.

Сот – қылмыстық қудалау органы болып табылмайды және ешқандай тарапқа жақтаспайды, ешкімнің мүддесін білдірмейді, тек құқықтың мүддесін қорғайды. Соған қоса сот тараптарға олардың процестік міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыруларының мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Осы қағидатқа сәйкес тараптар дәлелдемелерді зерттеуге белсенді қатысулары керек және шешімде мынадай тәртіппен зерттелген дәлелдемелерге негізделуі тиіс. Тараптар өз ұстанымын таңдайды, сонымен қатар сотқа және басқа органдар мен тұлғаларға тәуелсіз оны қорғаудың әдіс – тәсілдерін таңдап алады.

Процестік мағынада деп субектінің процестік қызметпен қылмыстық іс бойынша өндірісте қорғауды қажет деп есептейтін пікірі мен пайымдауы түсіндіріледі, оны субъект мойындауға тырысады, осыған ол өз пікірін білдіруге бағытталған және іс жүргізудің басқа қатысушының қарсы жағдайларын жеңуге бағытталған процестік әрекеттерді жүзеге асырады [9; 92].

Строгович пікірімен толықтай келісуге болады, бірақ біздің ойымызша автордың көңіл аударуы ұстанымы – процестік субъектісінің дегенінде емес. Т.В. Варфоломеева дұрыс айтады: қорғаушының құқықтық ұстанымы – ол тек оның айыптау туралы пікірі ғана емес, бұл дәлелденуге жататын мән – жайларға көзқарасы және де тергеу процесіне және басты сот талқылауына кіретін өзге де құқықтық негіздерге көзқарасы, осының негізінде қорғау бағдарламасы құрылды [10; 22].

Қорғау ұстанымының түсінігі пікір, ой сияқты түсініктерден әлдеқайда кең және өзіне құқықтық аспектілерін қосады. Осы тұрғыда ұстаным белгілі бір дәрежедегі тезиске жақын келеді. Сондай – ақ З.В. Макарованың анықтамасы тиімсіз екенін анықтауға болады: қылмыстық іс бойынша ұстаным тағылған айып пен азаматтық талапқа қатысты прокурорда (сотта), қорғаушыда, айыпталушыда, жәбірленушіде, азаматтық талапкерде, азаматтық жауапкерде және олардың өкілдерінде қалыптасқан тұжырымды және осы тұжырымды олар тергеу кезінде, істі қарау барысында жақтап, қорғайды. Сот өндірісіне қатысушының ұстанымы өзгермелі және процесс кезінде де өзгеруі мүмкін [11; 169]. Автор бұл жерде «ұстаным» түсінігінің көлемін пікір, тұжырым сияқты логикалық тұрғыда азайтып отыр.

М.С. Строговичтің, З. В. Макарованың анықтамаларында да негізгі белгі – ұстаным субъектілерінің мақсаттарымен байланысына көңіл аудармайды. Бұл белгі Г.М. Шафирмен көрсетіледі. Ол қорғау ұстанымы деп қорғаушы қызметтерінің нақты мақсаттарын анықтауды көрсетеді, сонымен қатар заңмен көзделген құралдармен оның қол жеткізу әдістерін анықтауды айтады [12; 74]. Осы соңғы анықтаманың авторы ұстаным көлемін тым көбейтіп жіберген, оған ол мақсаттар мен құралдарды анықтау түрінде қызметін қосады, ал бұл қызмет элементі болып табылады.

Біздің ойымызша, қылмыстық іс бойынша ұстаным түсінігінен логикалық – психологиялық, қызметті бағдарламалық және құқықтық аспектілері көрінуі тиіс.

Сонымен, қылмыстық іс бойынша ұстаным – бұл қылмыстық іс бойынша дәлелдеу, тергеу және қарау пәніне қатысты, процеске қатысушыларының өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, сонымен қатар олардың қызметінің сипатын анықтайтын көзқарасы бар процестік көрінісі. Логикалық – психологиялық аспектісі дегеніміз – ұстанымының қатынас, көзқарас сияқты анықтауының мәні. Құқықтық аспектісі ол көріністің процестік формасы болып табылады. Қызметі – бағдарламалық аспектісі болып ұстанымының субъектісінің мақсаттары мен міндеттеріне бағынуы және оны қызмет сипатына әсері.

Тараптардың жарыспалылығы және теңдігі қылмыстық сот өндірісінде диспозитивті бастамаларды жүзеге асыруын болжайды, яғни берген құқықтарды еркін пайдалану құқығы. Қорғау тарабының өкілі – сотталушы адам өз кінәсін мойындауға немесе мойындамауға құқылы. Осында диспозитивтік басқа қатысушы тараптарға да тән. Сонымен сот тергеуінің жарыспалылық құрылымының оң нәтижесі сот орнында кәсіби сот, әлде алқа биі отыруына байланыссыз айқын екендігі көрінеді. Бұл алдын – ала шешім қабылдаудың негативті тенденциясынан құтылудың бірден – бір жолы. Бұл жерде дәлелдемелерді зертеу және ұсыну үшін жауапкершілік тараптарға жүктеледі. Олар дәлелдемелерді зерттеуді неғұрлым толық жүргізеді, өйткені олар өз пайдасына жинауға мүдделі. [13]

Қылмыстық процестік заңнамадағы өзгерістер міндетті түрде сот ісін жүргізудегі демократиялық, гуманизациялық бағытта, сонымен қатар, жарыспалылық бастамасын еңгіуде маңызды қадам жасап келе жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жамиева Р., Жакин Б. Тактика судебного следствия и предмет криминалистики: дискуссионные вопросы // Институты правового государства и гражданского общества в Казахстане: Сборник научных трудов/ Сост А.В. Турлаев. – Қарағанды: ЖШС «TENGRİ», 2012. - Б.160-166

2. Даев В.П. Процессуальные функции и принцип состязательности в уголовном судопроизводстве//Правоведение. – 1974. - № 1. – С.64-73

3. Жамиева Р. Каиржанов Е. Қылмыстық істер бойынша адвокаттық қорғау тәсілдері// Заң. - 2001.- № 1. – Б. 65- 74

4. Чельцов-Бебутов М.А. Курс уголовно-процессуального права. Очерки по истории суда и уголовного процесса в рабовладельческих, феодальных и буржуазных государствах. - СПб.: Равена. Альфа, 1995.-846 б.

5. Строгович М.С. Избранные труды в 3-х томах. Т. 2 Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве. - М.: Наука, 1992.-278 б.

6. Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. Т. 2 СПб.: Сенатская типография, 1910. – 563 б.

7. Уильям Бернэм Суд присяжных заседателей. - М.: Московский независимый институт международного права (МНИМП), 1995.-196 б.

8. Судебные Уставы 1864 Г. (Официальные и неофициальные издания, указатели к ним, справочная литература). Президентская библиотека им. Б.Н. Ельцина- Электронный ресурс. URL <https://www.prlib.ru/section/683295>

9. Строгович М.С. Деятельность адвокатов в качестве защитников обвиняемых //Сов. госуд. и право. - 1981. - № 8.-88-96

10. Варфоломеева Т.В. Организационные, процессуальные и криминалистические проблемы защиты адвокатом прав подозреваемого, обвиняемого, подсудимого. Автореферат дисс...докт. юрид. наук. - Киев, 1994. -39 б.

11. Макарова З.В. Участие адвоката-защитника на предварительном следствии. - Куйбышев: Куйбышевск. ун-т, 1978. -43 б.

12. Шафир Г.М. Некоторые вопросы методики и тактики защиты на предварительном следствии //Вопросы защиты по уголовным делам. Под ред. П.С. Элькиндр. - Л.: ЛГУ, 1967.-68-89 б.

13. Жамиева Р.М., Жакупов Б.А. Право на защиту и реформирование уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. *Вестник Университета имени О.Е. Кутафина (МГЮА)*. 2022;(1):96-104. URL <https://doi.org/10.17803/2311-5998.2022.89.1.096-104>

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ЖЫНЫСТЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫРДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ КЕШЕНДІ ТӘСІЛ

Исатаева С.Б., заң факультетінің магистранты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік пен жыныстық зорлық-зомбылық мәселесі бүкіл әлемдегі ең өзекті және әлеуметтік маңыздылардың қатарында. Жетекші криминологтар соңғы жылдардағы өте алаңдатарлық үрдісті - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын зорлық-зомбылық қылмыстарының өсуін, оның ішінде балаларды ұрлаумен, азаптаумен, өзге жыныстық сипаттағы әртүрлі әрекеттермен, кісі өлтіру қауімімен, садисттік кісі өлтірумен ұштасатын жыныстық агрессияның өсуін атап көрсетеді.

Соңғы үш жыл бойынша «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» №1 М нысаны бойынша статистикалық деректерге сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты келесі ахуал байқалады [1]:

Есепті жыл	2020	2021	2022
Қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдары			
Зорлау (ҚР ҚК 120 бабы)	226	224	152
Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық (ҚР ҚК 121 бабы)	169	201	172
Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас және жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер (ҚР ҚК 122 бабы)	322	340	284
Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123 бабы)	0	8	4
Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124 бабы)	113	140	94
Кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134 бабы)	2	2	4
Всего было зарегистрировано уголовных правонарушений против несовершеннолетних, по всем составам УК РК ҚР ҚК барлық құрамы бойынша кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелді	1812	2088	2005

Алайда, іс жүзінде бұл көрсеткіштер қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының латенттігінің жоғары болуына байланысты едәуір жоғары, бұл М. А. Догадина мен Л. О. Перегожиннің ғылыми зерттеулерінің қорытындыларымен расталады [2; 3].